7) дает возможность снизить себестоимость производства единицы продукции;

8) способствует повышению качества логистического сервиса.

Перечисленные преимущества логистического управления, в конечном итоге, способствуют росту конкурентоспособности, что в результате приводит к выполнению стратегической цели любого предприятия.

### **Литература**

1 Костина Н.Н. Современное положение логистики на предприятии: проблемы трактовки и внедрения логистики // Общественные и экономические науки. – 2018. - № 1

2 Айвазян А.В. Основные логистические концепции в производстве // Студенческий электронный научный журнал. – 2017. - № 16

3 Цзюн Ин. Трансформация понятия традиционной логистики в современную логистику // Молодой ученый. – 2017. - № 52

4 Кузьменко Н.И. Научные подходы к определению понятия «логистика» // Территория науки. – 2014. - № 1

## **«Кешенді талдау жұмыстарын жүргізу арқылы студенттердің тілдік функционалдық сауаттылығын арттыру»**

**Баяхметова Лязат Сансызбаевна,  
қазақ тілі мен әдебиеті пәннің оқытушысы  
«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК**

Функционалды сауаттылық – сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсу, бейімделу және жылдам қалыптасу қабілеті екендігі белгілі. Адамның жалпы оқу, түсіну, қарапайым қысқа мәтін құрастыру сияқты сауаттылығынан функционалды сауаттылықтың айырмашылығы келесіде: білім деңгейі, іскерлігі мен біліктілігі, нақты мәдени ортада және әлеуметтік қарым-қатынас жүйесінде тұлғаның өмірлік әрекетін жүзеге асыру қажеттіліктерін, қалыпты жағдайда қалыптастыруын қамтамасыз ету.

Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдарлары КР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқындалған. Оның басты мақсаттары – жалпы білім беру үйымдарында Қазақстан Республикасының зияткер, дені сау және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, тез өзгермелі әлемде оның табыстылығын қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттілігін қанағаттандыру, еліміздің экономикалық әл-ауқаты үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту болып табылады.

Функционалдық сауаттылық білім алушылардың білім деңгейі және оның өмірдегі әр түрлі жағдайларда алған білімдерін қолдана білу қабілеті немесе жеке тұлғаны әлеуметтендіру. Функционалдық сауаттылықты анықтаудың міндеті:

- субъект ретінде кездесетін функционалдық мәселелерді шешуге қабілеті;
- оқыту, қарым-қатынас жасау, әлеуметтік әрекет және мамандық таңдауына көмектесу.



Білім алушылардың тілдік функционалдық сауаттылығын арттыруда қазақ тілі мен әдебиет сабактарында коммуникативтік құзыреттілікті басымдыққа алу қажеттілігі туады. Коммуникативтік құзыреттілік лингвистикалық сөйлеу, әлеуметтік, дискурсивтік, стратегиялық және әлеуметтік-мәдени құзыреттілік сияқты компоненттерден тұрады.

Бүгінгі күні жалпы білім беретін мектеп жағдайында тілдік және әлеуметтік-тұрмыстық сауаттылықты қалыптастыру құралдары мен әдістері жеткілікті.

Осыған орай, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін мәтінге толық тілдік талдау жасау технологиясын ұсынуға болады. Нақтырақ айтсақ, білім алушылардың тілдік функционалдық сауаттылығын арттыруда қазақ тілі сабағында талдау жұмысын «Сатылай кешенді талдау» технологиясы арқылы жүргізудің зор әсері бар. Оның авторы - Абай атындағы ҚҰПУ-ті қазақ тілі теориясы және әдістемесі кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, КР Ғылым академиясының Вице-президенті Н.А.Оразахынова.

«Айқын қылып оқыту мен сатылыш бір тегіс оқытудың байланысы бар. Оқыту бірте-бірте сатылап, ілгері басып отырмаса, анық та, ұғымды да болмайды. Білім - біржола қүреп алатын нәрсе емес. “Оқу инемен құдық қазғандай” деген мақалды еске түсіру керек, жаңадан берілетін әсер, суреттеу ұғым бұрынғы алған суреттеуге, ұғымға байланбаса баланың миына берік қонбайды. Сондықтан оқуда біртегіс өрлейтін саты болу керек. Әрбір тыңдан берілетін білім бұрынғы білгеннің жалғауы, келесі білімнің бастауышы сияқты болғаны тиіс. Сатылап оқытудың ескеретін екі жағы бар, бірі – шәкірттің шама-шарқымен есептесу, екіншісі – оқу мағлұматтарын дұрыс қолдану. Оқытушының шеберлігі – ойна келген нәрсені білдіру емес, аужайына, жасына, біліміне, күшіне қарап сабак беру», - деген Ж.Аймауитов

Сатылай кешенді талдау дегеніміз – оқыту максаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері, өзіндік ерекшелігі бар және окушыларға білімді ғылыми негізде сатылай, жүйелі, кешенді менгертіп, оларға ұлттық құндылықтарды бағалай, қолдана білуге машықтандыратын оқыту. Сатылай кешенді талдау білім алушыларға қазақ тілі ғылымының мазмұны мен жүйесін, оның сөздік құрамы мен грамматикалық құрылышын, сөйлеу тілінің байлығын және әдеби тіл нормасын үйретіп, дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдысын қалыптастырады. Сол арқылы басқа пәндерді де сауатты менгеруге негіз қаланады. Сатылай кешенді талдау технологиясының басты қағидаларының бірі – жоғары қындықта оқыту.

Сатылай кешенді талдау – тек қана білімді белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны менгертумен ғана шектелмейтін, сонымен қатар баланың жалпы жан-жақты дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты басқа танымдық-психологиялық қасиеттерінің жақсы үйлесімді дамуына бағытталған, қазақ тілінде ойлайтын, қазақ мәдениетін менгерген тілдік-мәдени тұлға қалыптастыратын оқытудың түрі.

«Сатылай кешенді талдау» технологиясының мақсаты - қазақ тілінде ойын жеткізе алатын, өз ана тілінде дітін орындана алатын, қазақтың тарихы мен мәдениетін менгерген жан-жақты білімді, мәдени ұлттық тұлға қалыптастыру. Сонымен қатар, қазақ тілі сабактарында сатылай кешенді талдау жұмыстары әр сөйлемнің, сөздің, дыбыстың табиғатын таныту арқылы сөзді таңдал-талаң қолдана білуге дағдыландырады, қазақ тілінің сөз байлығын терең игерту арқылы, әр сөздің ішкі мағынасы мен қолданыстағы ерекшелігін сөз сырына бойлату арқылы танымдық дүниесін қалыптастырады, жазба жұмыстарын сауатты, жоғары деңгейде, шығармашылықпен орынданай білуге машықтандырып, өз ана тілінің грамматикасын сауатты игеруге бағытталған. Сондай-ақ білім алушылардың оқу-танымдық белсенділігін арттырып, ғылыми ізденіске жетелейді.

Сатылай кешенді талдау арқылы теориялық материалды тілдік қатынасым теориясы (жазылым, айтылым, тындалым, сөйлесім) арқылы практикалық тұрғыдан талдарап, тұжырым жасап, оны өмірде қолдана білуге машықтандыру жұмысы да қазіргі кездे жаңартылған білім беру мазмұны бойынша өзекті тақырып болып табылды.



«Сатылай кешенді талдау» технологиясымен оқытуда білім берудің он деңгейі басшылықта алынады. *Бірінші деңгейде* білім алушы тілдік бірліктерді толық жазылым бойынша сатылай кешенді талдайды, сауатты жазып, оқып, айтуға дағдыланады, тіл білімінің әр саласынан өтілген материалдарды жүйелі түрде түсініп, ғылыми тілде баяндауға машықтанады; сөйлеу мәнері белгілі жүйеге түсіп, әуезді сөйлеуге үйренеді; өзі талдап тұрған сөздің құрамын, құрылышын, буынын, дыбыстардың өзіндік ерекшелігін дұрыс ажыратып, жолдастарына, мұғалімге нанымды түрде жеткізуге бейімделеді.

*Екінші деңгейде* тілдік бірліктерді қысқаша жазылым бойынша талдап, айтылым бойынша толық ауызша сатылай кешенді талдайды. Тілдік бірліктерді қысқаша жазылым бойынша талдап, айтылым бойынша толық ауызша сатылай кешенді талдауда – айтылым - тындалым - жазылым түрінде жүзеге асады.

*Үшінші деңгейде* тілдік бірліктерді жазылым бойынша ықшамдау принципімен өрнектеу, айтылым бойынша ауызша толық сатылай кешенді талдау. Тілдік бірліктерді жазылым бойынша ықшамдау принципімен өрнектеу айтылым бойынша ауызша толық сатылай кешенді талдау.

*Төртінші деңгейде* тілдік бірліктерді жазылым бойынша символдар арқылы өрнектеп, айтылым бойынша ауызша толық талдайды. Төртінші деңгей – окушылардың алдыңғы игерген білім-білік, дағдыларын жинақтап, сауатты әңгіме әдісі қолданылады. Әңгіме әдісі туралы ғалым Т.А. Ильина былай дейді: “Әңгіме дегеніміз – бұл оқытудың сұрақ-жауап әдісі. Ол оқу үдерісінің барлық буындарында қолданылады.

*Бесінші деңгейдегі* талдау үлгілері көбінесе ауызша орындалады. Бұл талдау арқылы аңғарымпаздыққа, әріптесінің жауабын мұқият тындауға, ойын әрі жалғастырып кетуге машықтанады. Әрі мұндағы іс-әрекет көбіне ойын түрінде жүргізіледі. Ұлы педагог В.А. Сухомлинский: “Ойынсыз, музыкасыз, ертеғісіз, творчествосыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды” дейді. Демек, окушының ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сініру арқылы байи түседі.

*Алтыншы деңгейде* - жат жазуда білім алушылардың сатылай кешенді талдау арқылы менгерген теориялық білімдерін жатқа жаздыру арқылы: а) теориялық білімді менгеру деңгейін; ә) талдауды сауатты жүргізу машығын; б) орфографиялық сауаттылығын; в) тыныс белгілерді дұрыс қою дағдысын байқаймыз, қорытынды шығарамыз, келесі сабактарда қатемен жұмыс жасалады. Осы арқылы мұғалім әр окушының тілдік материалдарды талдау деңгейін анықтайды. Ең бастысы, келесі уақытқа талдау деңгейіне берік негіз қаланады. Өйткені уақытқа талдаудың негізгі қағидаларының бірі – сауатты талдау

*Жетінші деңгей.* Уақытқа талдау: а) Өте жылдам – 3 минутта; ә) Жылдам – 5 минутта; б) Баяу – 7 минутта. Бүтінгі қоғам автоматтандыру кезеңінде өмір сүріп жатыр. Сондықтан білім беруде де жылдамдық, қарқынды оқыту, техникалық, аудио-видео құралдарды кеңінен қолдану өріс алуда.

*Сегізінші деңгей.* Компьютерлік талдау.

*Тогызыныш деңгей.* Ашық тест. Тест жұмысы – окушылардың игерген білімін тексеру мен бағалау, танымдық әрекетін, ізденімпаздық деңгейін, оку әрекетіндегі әдістер мен тәсілдердің тиімділігін анықтау жолы ретінде қарастырылады.

*Онынши деңгей.* Шығармашылық жұмыс. Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығын өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі табуына көмектеседі..

Сатылай кешенді талдау білім берудің жүйелілік, бірізділік принципіне негізделгендейтін, бұл жүйе бойынша жұмыс жасауға дағдыланған білім алушылар бір ғана салалық білім алумен шектелмей, жан-жақты білім алуға, өзін қоршаған дүниенің зандылықтарын тұтастықта қабылдауға қалыптасады. Бұл технология бойынша оқытушы білім алушыларға мәселе қояды, ойлаудың жолдарын үйретеді, оқып-үйрену барысында өз



бетінше жұмыс жасау әрекетіне бағыт-бағдар береді, сондыктан оқушы белсенді субъектіге айналады. Оқушылар өзара заңдылықтарды, теорияларды, ұғымдарды, ережелерді қорытып, бірлескен ұжымдық әрекет жасайды. Олар өзін-өзі, бірін-бірі бақылау, бағалау, пікір айту, баяндау, проблемалық, ізденушілік, шығармашылық, зерттеушілікке бейімделеді. Өз біліміне деген сенімділік орнап, кез келген ортада құзыретті тұлға ретінде түрлі жағдаяттан шығуға машиның танады. Талдауда бірнеше сатының болуы, оларға толық жауап қайтарылуын қамтамасыз ету біршама уақытты қажет ететіні сөзсіз. Осындай жағдайда оқытушы уақытты үнемдеу үшін таратпа метериалдар, кесте-сызбалар дайындалады, техникалық құралдарды пайдалануына болады. Талдау жұмысын жасағаннан кейін білім алушының ауызша, жазбаша ойланып жауап беруі оның ғылыми стильде сейлеу тілін жетілдіреді.

Қорыта келгенде, студенттердің тілдік функционалдық сауаттылығын арттыру жұмыстарының нәтижелі түрі ретінде қазақ тілі пәні бойынша сатылай кешенді талдау жұмыстарын жүргізуі ұсына аламыз. Қазақ тілі сабағында орындалатын бұл жұмыс түрі оқытушы тарапынан мол шығармашылық және ғылыми ізденісті талап етеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық ісқимыл жоспары//Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы.
2. Т.К.Мұрсәлімов. Грамматикалық талдау әдістемесі. Әдістемелік көмекші оқу құралы. Семей. «Семей-көркем», 2014
3. Н.А.Оразахынова, Р.М.Шалова «Бастауыш сыныпта тілдік бірліктерді сатылай кешенді талдау». Алматы, 2012 жыл.
4. Н. Оразахынова, Г.М. Кенжебаева. Қазақстандық білім жүйесіндегі оқыту технологиялары
5. Интернет қоры. bilimdiler.kz.



## **Активные формы обучения в изучении дисциплины «Анатомия»**



**Газизова Айгуль Идрисовна** - д.б.н., профессор кафедры биологических наук Казахский агротехнический университет имени Сакена Сейфуллина, город Астана, Республика Казахстан.



**Мурзабекова Лейла Мажитовна** - к.в.н., старший преподаватель кафедры биологических наук Казахский агротехнический университет имени Сакена Сейфуллина, город Астана, Республика Казахстан

### *Аннотация.*

Проблема получения качественного образования всегда является актуальной. Задача каждого преподавателя не только дать готовые задания, но и научить студентов добывать их самостоятельно.

Качество образования это комплексный показатель, который освещает все этапы обучения, развития и становления личности, условия и результативность учебно-воспитательного процесса. Использование новых организационных форм учебной деятельности. Применение новых инновационных средств обучения, определяет важнейшие факторы повышения эффективности образовательной деятельности обучающихся.

В преподавании анатомии целесообразно использовать проблемно-поисковые варианты словесных, наглядных и практических методов.

Современная система высшего профессионального образования вступила в период обострения целого ряда социальных противоречий, обусловленных характером и организацией образовательного процесса.

Разрешение этого противоречия можно искать только на пути создания принципиально новых технологий, форм и средств обучения, предполагающих построение качественно иного образовательного процесса.

Задача обоснования новой идеологии содержания высшего образования, построения образовательного процесса, т.е. поиска его нового облика образования требует для своего решения принципиально новых подходов, новых ориентиров. Главные из них – новые организационные формы учебной деятельности, взаимодействие преподавателя и



обучаемых, новая образовательная среда, ориентированная на востребованные современным обществом образовательные результаты [1, с. 93].

Одна из главных задач модернизации образования - повышение качества образования. Качество образования признается как многоаспектная категория, интегральная характеристика системы образования, комплексный показатель, синтезирующий все этапы обучения, развития и становления личности, условия и результаты учебно-воспитательного процесса. Именно использование новых организационных форм учебной деятельности и использование новых средств обучения, определяет важнейшие факторы повышения эффективности образовательной деятельности.

Образование представляет собой один из самых сложных институтов социализации. Целью образования является всестороннее развитие человека как личности и наивысшей ценности общества, развитие его талантов, умственных и физических способностей, воспитание высоких моральных качеств [2с.17].

Образование как система включает в себя различные по уровню и профилю государственные и не государственные учебно-воспитательные организации и заведения, различные формы самообразования. По мере перехода к информационному обществу образование все в большей степени будет превращаться в самообразование.

Технологический подход к организации учебного процесса изменяет формы взаимодействия обучающих и обучаемых, а также обучающихся между собой. На смену традиционным приходят формы активного и интерактивного инновационного обучения.

Изменение целей, содержания форм обучения оказывает существенное влияние и на характер общения преподавателя и обучаемого, на атмосферу из взаимодействия.

Владение интерактивными методиками и формами работы может приходится не только во время учебных занятий со студентами, но и непосредственно в профессиональной деятельности [3, с. 56].

При использовании интерактивных методик, основанных на обучении через взаимодействие, воспроизводятся ситуации, взаимоотношения и задачи, характерные для повседневной деятельности профессионалов, работающих с людьми.

Интерактивное обучение - это специальная форма организации познавательной деятельности, имеет конкретную, предполагаемую цель – создать комфортные условия обучения, при которых каждый студент чувствует свою успешность и интеллектуальную состоятельность.

Особенность интерактивного обучения состоит в том, что учебный процесс осуществляется при условии постоянного, активного взаимодействия всех его членов. Анализируя свои действия и действия партнеров, участники учебного процесса меняют свою модель поведения, более осознанно усваивают знания и умения, поэтому есть смысл говорить интерактивные методы не только как средство улучшения обучения, но и как средство усиления воспитательных воздействий [4, с. 21].

Интерактивное обучение - разновидность взаимообучения, где и студент, и преподаватель являются равноправными, равнозначными субъектами обучения, четко понимают, чем они занимаются, активно анализируют то, что знают, умеют и осуществляют. Организация интерактивного обучения в вузе предполагает моделирование жизненных и производственных ситуаций, использование ролевых игр, общее решение проблемы на основе анализа обстоятельств и соответствующей ситуации. Оно эффективно способствует формированию навыков и умений, созданию атмосферы сотрудничества, взаимодействия, позволяет педагогу стать авторитетным наставником студенческого коллектива.

Во время интерактивного обучения студенты учатся быть демократичными, толерантно общаться между собой и другими людьми, критически мыслить, принимать и анализировать решения [4, с. 19].



При использовании активных форм для стимулирования познавательной активности в учебном процессе следует учитывать такие факторы как мотивы или стимулы, побуждающие к активности.

Главным мотивом активизации учащихся является профессиональный интерес. Немало значимым является такой мотив как творческий характер учебно-познавательной деятельности. Исследовательский характер учебно-познавательной деятельности позволяет пробудить у учащихся творческий интерес, а это в свою очередь побуждает их к активному самостоятельному и коллективному поиску новых знаний.

Важным стимулом является состязательность. Каждый стремиться показать себя с лучшей стороны, продемонстрировать глубину своих знаний и умений. Значимым является и игровой характер проведения занятий. Хорошо организованное игровое занятие должно содержать «пружину» для саморазвития. Любая игра побуждает ее участника к действию.

На занятиях используются дидактические и ролевые игры, игры – ситуации.

Таким образом, учитывая, перечисленные факторы, удается активизировать деятельность обучающихся, вызывая у них интерес к занятиям. Степень активности студентов зависит от методов и приемов работы преподавателя. Активными методами обучения следует называть те, которые максимально повышают уровень познавательной активности обучающихся, и побуждают их старатальному учению. В преподавании анатомии целесообразно использовать проблемно-поисковые варианты словесных, наглядных и практических методов [4, с.28].

Нами на кафедре биологических наук применяются различные активные методы ведения занятий. Один из них групповой, где студенты группы должны быть поделены на отдельные небольшие группы по 3-4 студента для которых дается предварительное задание по определенной теме программы изучения. Где студенты должны четко и ясно излагать тему задачи, решать ситуационные задачи, уметь защитить свою позицию вопроса. Уметь правильно излагать мысли. Например на определенное количество времени кто сможет ответить большее количество вопросов. Если та или иная команда не может ответить на какой либо вопрос, дается шанс другим командам.

В результате подведения итога занятий выигрывает та команда, которая набрала больше баллов, была более сконцентрирована, собрана, подошла к занятию более ответственно. Имела эмблему, название команды, применяла латинскую и греческую терминологию. Сопровождала свои знания и ответы слайдами, схемами, подготовленными анатомическими препаратами. При подготовке к занятию использование дополнительных методов, применение новых организационных форм, использование новых средств обучения.

Такой метод обучения в изучении дисциплины анатомии является одной из эффективной формой обучения, повышения качества образования.

### **Список литературы**

1. В.С. Безрукова «Педагогика проективная педагогика». Издательство «Деловая книга», Екатеринбург, 1996 г. С.- 93-151.
2. Есекешова М.Д., Кочкорбаева Э.Ш. «Педагогика» Астана, 2016, с.17
3. В.В. Козлов, Г.М. Мануйлов, Н.П. Фетискин. «Психология управления» Издательство «Академия» Москва, 2015, с. 56.
4. Б.А. Оспанова, А.А. Жолдасбеков «Креативная психология». Алматы, 2012 г. С. - 19-34.



## **Саз мектептерінде оқушыларға адамгершілік, құндылық бағдарын қалыптастырудығы мүғалімнің рөлі**

**Идрисова Светлана Аманжоловна**  
Теректі аудандық №3 балалар саз мектебі

Дүние жүзінде жүріп жатқан тарихи-әлеуметтік, саяси-экономикалық үрдістер еліміздің көптеген саласында, соның ішінде білім беру жүйесінде де өзгеріс жасауда, заман талабына сай дамуды қажет етіп отыр. Тәуелсіз еліміздің болашақ азаматтарын тәрбиелейтін жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбие жұмысының сапалы ұйымдастырылуына тікелей байланысты.

Еліміздің оқушыларын жан-жақты дамыту, оларда құндылық бағдарын қалыптастыру мақсатында республикалық деңгейдегі маңызды реңми құжаттар: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заны, Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мектептердегі оқу-тәрбие процесінде басшылық алынып отыр.

Жоғары азаматтық өзіндік санаға, оң өмірлік бағытталғандығы бар ізгілікті тұлғаны қалыптастыруды мәдени ресурстарды, адамзатта жинақталған құнды адамгершілік тәжірибелі білім беру тәжірибесінде қолдану қажет. Осыған қатысты, музикалық білім берудің мүмкіндігінің зор екендігін теория мен практика көрсетіп отыр. Эрбір халықтың музикалық өнерінде жинақталған түрде эстетикалық, адамгершілік мұрраттар және құндылықтар көрінісін тауып жүр. Музикалық өнердің құралдары арқылы баланың ішкі дүниесі, оның адамгершілік бастамалары дамиды, құндылықтардың адамзаттық алаңы қалыптасады.

Жеткіншек жаста тұлғаның құрылуы, онда адамгершілік-эстетикалық бағытталғандықтың бекітілуі, оларды ұғынуы және байытылуы өте маңызды. Он бір-он үш жастағы балалар ересектер жағынан ерекше зейінді талап етеді: бұл жас өтпелі болып табылады, олардың қандай құндылықтарға бағытталғандығы, нені қадірлеп қастерлейтіні, қоғамда қандай әлеуметтік қызметті атқаруға даяр екендігі мемлекеттің өсіп-өркендеуіне әсер етуші факторлардың бірі ретінде маңызды орын алады. Жеткіншектерде құндылық бағдарды қалыптастыру олардың мәдениет құндылықтарын тану процесін өзектендіреді, сөйтіп музикалық-әсемдік құндылықтары негізінде өз өмірінің мәнін жүзеге асырады.

Адамзат қоғамында әрдайым өз орнын тапқан, жалпы алғанда адам сапаларының мәнді қасиеттері бар құбылыс – адамгершілік құндылық бағдар адамзаттың тарих сынағына төтеп беріп келеді. Олай болатын себебі адам болмысының діңгегі болатын қасиеттер: ар мен ұят, адамгершілік пен қайырымдылық, жауапкершілік пен бостандық, еркіндік пен заңдылық, ынтымақтастық пен тәуелсіздік негіздері қоғамның даму барысында өз құндылығын ешқашанда жоймайды.

Н.А.Асташова педагогикалық аксиологияның концептуалды негіздерін зерттей отырып, оқушыларды адамгершілік құндылық бағдарды қалыптастырудың толық циклын қарастырады. Оның пікірінше, адамгершілік құндылық бағдардың дамуының және әрекетінің механизмі тұлғаның мотивациялық, сұраныстық және басқа да аяларындағы қарама-қайшылықтарды шешумен байланысты [1]. Құндылықтың интериоризациясының процесін мынадай тізбек ретінде көрсетуге болады: білім беру процесіне құндылық объектілерді қосу – тұлғаға құндылықтарды жариялау – «субъект» - «субъект» байланысын қамтамасыз ету – эмоциональды оң реакцияны шақырту – қатынастарды ірілendіру, жан-



жақты тараңтандыру – құндылықты үғыну – құндылықтың идеалды деңгейі туралы түсініктен құндылықтың қатынасты коррекциялау.

Ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып біз мынадай қорытынды жасаймыз: адамгершілік құндылық бағдарды қалыптастыру жеткілікті күрделі, белгілі бір уақыттың ұзақтығы және кеңістік рамкасы бар процесс.

Адамгершілік құндылық бағдарды қалыптастырудың толық циклі мынадай бірізділікпен көрсетуге болады:

- тәрбиленушіге құндылықтарды жариялау;
- тұлғаның адамгершілік құндылық бағдарды үғынуы;
- құндылық бағдарды қабылдауы;
- іс-әрекетте және мінез-құлықта құндылық бағдарды жүзеге асыру;
- құндылық бағдарды тұлғаның бағытталғандығында бекіту және тұлғаның сапасына айналдыру;
- оқушы тұлғасының сапасы ретінде құндылық бағдардың мүмкіншілігін өзектендіру.

Жалпыадамзаттық, ұлттық және эстетикалық құндылықтар негізінде музикалық өнердің құралдары арқылы жеткіншектерде адамгершілік құндылық бағдарды тиімді қалыптастыру – бұл музика мұғалімінің процесті сәйкесінше үйімдастырушылық және әдістемелік жағынан қамтамасыз етуіне байланысты болады.

Мұндай қамтамасыз етудің негізі педагогикалық шарттардың кешені болып табылады. Оған кіретіндер:

- құндылық тұрғы позициясынан музикалық білім беру мен тәрбиелеудің мазмұнын, формалары мен әдістерін таңдау;
- әрекеттік эстетикалық ортаны құру;
- музика мұғалімінің мәдени және гуманистік құндылықтарды алып жүруші ретінде, қазіргі метепте оның ролін және орнын түсіну;
- музика мұғалімінің педагогикалық әрекеті аксиологиялық бағытталғандық сипатта болады, көркемдік-педагогикалық қарым-қатынас процесін тұлғаралық диалог, құндылықтармен алмасу процесі ретінде құрады.

Оқушыларда адамгершілік құндылық бағдарды қалыптастырғанда педагог-музыканнтың әрекетінің мәнін қарастыру қажет.

Педагог-музыканнтың тұлғалық аксиологиялық кәсіптік мәнді сапаларының ішінде мұғалімнің өнер шығармасының құндылық бағдарын оқушыларға жеткізу іскерлігін бөліп шығарамыз. Ол көбіне көп мұғалім тұлғасының коммуникативті элементтері арқылы жүзеге асырылады. Педагог-музыкант ғалымдар Э.Б. Абдуллин, Л.С. Майковская музика мұғалімінің коммуникативтік қабілетіндегі артистизмге үлкен орын береді [2; 3].

Адамгершілік құндылық бағдар адамның мінез-құлқының қарқынды үйімдастыруши күші болу үшін, оны субъект іштей қабылдауға тиісті. Бұл кезеңдегі өте бір маңызды жағдай – адамгершілік құндылық бағдарды адамның мәнді қатынастар құрылымына енгізу болып табылады. Мұндай жағдайда адамгершілік құндылық бағдар мән құрайтын функцияға ие болады, сөйтіп іс-әрекетті үйімдастыруға салмақты негіз болады [4].

Мұнда музика әсерінен мұғалімде пайда болған ішкі эмоциональдық әсерлерді, оқушыларға дауыс, дикция, мимика, пластика арқылы сәйкесті жеткізу өте үлкен мәнге ие болады.

Белгілі бір дәрежеде музика мұғалімінің артистизмі актердің артистизміне жақын. Әсіресе мұғалім орындаушы ролінде болғанда бұл жағдай жақсы байқалады.

А.Н.Насибуллинаның пікірінше, музикалық шығарманың құндылықтың мазмұнын оқушыларға жеткізу педагог-музыканнтың эмоциясына, бірге әсерлену қабілетінің, баланың жанының қозғалысын сәйкесті түсіну дамуының дәрежесіне байланысты [5].

Теориялық зерттеулер және мектеп практикасы оқушыларда адамгершілік құндылық бағдарды қалыптастыру үшін музикалық білім беру процесінде мұғалімнің әрекетінде



аксиологиялық бағытталғандықтың болуы және музыка мұғалімінің тұлғасында аксиологиялық кәсіптік мәнді сапаның болуы талап етіледі.

Оқушыларда адамгершілік құндылық бағдарды музикалық өнердің құралдары арқылы қалыптастыру процесінің тиімді болуының басты факторларының бірі – музыка мұғалімінің гуманистік позициясы. Оның негізінде сүйіспеншілік, сенім, еркіндік, шыдамдылық, жауапкершілік сияқты рухани құндылықтар жатады.

Қала мектептеріндегі оқушыларда музикалық өнер құралдары арқылы адамгершілік құндылық бағдарын қалыптастыру күйін қарастыру, музыка мұғалімдерімен мақсатты жұмысты жоспарларға мүмкіндік берді. Оларды даярлаудың жекелік формалары анықталды.

Музыка мұғалімінің кәсіптік шеберлігінің деңгейін анықтау үшін олармен жекелеп пікір алысу, анкеталау жүргізді. Осының нәтижесінде музыка мұғалімін даярлаудың негізгі бағыттары және мазмұны анықталды.

Қойылған міндеттерді жүзеге асыруда ынтымақтастық педагогиканың үлкен ролі бар. Бұл қатынас санаға енуімен, оқушылармен өзара әрекетте сырттай көрініс табады. Осындай қарама-қарсы белсенділікте «мұғалім-оқушы» жүйесінде «бірін-бірі түсінү», «бірін-бірі бағалау», «өзара әрекет» пайда болады.

Мұғаліммен зерттеудің әмпирикалық әдістерін менгеруге байланысты дербес жұмыс ұйымдастырылды. Атап айтқанда, бақылау, құжаттарды зерттеу (жоспарлаудың түрлері, талдаудың, жобалаудың және т.б.), тестілеу, әңгімелесу және т.б. Сабактарды жүргізуғе Теректі аудандық саз мектептерінің оқытушылары тартылды. Мұғалімдер «көркемөнер-шығармашылық процесті қамтудың әдісі», «Бірге әсерлену әдісі», «Аспаптың шығармаларды мазмұндық талдау әдісі» және т.б. тақырыптарда баяндамалар даялады.

#### **Қолданылған әдебиет:**

1. Асташова Н.А. Концептуальные основы педагогической аксиологии // Педагогика, 2012 № 3. – с. 8-13.
2. Абдуллин Э.Б. Теория и практика музыкального образования в общей школе. – М., 2013. – 112 с.
3. Майковская Л.С. Артистизм учителя музыки. – М., 2009. - 65 с.
4. Кирьякова А.В. Теория ориентации личности в мире ценностей. – Оренбург: Южный Урал, 2006. – 188 с.
5. Насифуллина А.Н. Содержание и методы формирования эмпатической культуры: автореф.диссерт. – Казань, 2004. – 18 с.

## **Жемқорлық феноменіне қатысты теорияларды, оның алдын-алу бойынша технологияларын және үлгілерін жүйелі талдау**

**Исақ Нұргұл Дүйсенханқызы**  
*Алматы бағалау және құрылыш колледжі*

Жемқорлық түсінігі қоғамдық санада тереңінен қалыптасып, адамдардың құндылығы мен өмірлік ұстанымдарына көрі әсерін тигізетін бірден-бір құбылыс. Жемқорлық феномені, адамдардың қоршаған ортамен қарым-қатынастары мен тұтынатын қызметтері арасында туындастын көрі құбылыс, қылмыстың бір түрі ретінде осы күнге дейін әлеуметтік ғылымдар саласының зерттеу объектісіне айналып келеді.

Мақаланың тақырыбын ашу мақсатында, біз осы мақала шеңберінде «жемқорлық» феноменінің әртүрлі ғылымдар саласындағы сипатталу ерекшеліктеріне және теориялық пен



эмпирикалық зерттеу жұмыстарына шолу жасай отырып, жемқорлыққа қатысты негізгі зерттеу сұрақтарына тоқталамыз. Негізгі зерттеу сұрақтары: не себептен жемқорлық феномені әртүрлі ғылыми салаларда өзіндік ерекшелікке ие құбылыс ретінде сипатталады? Жемқорлыққа қатысты қандай теориялық және эмпирикалық зерттеу жұмыстары бар? Қоғамда шынайы жүзеге асырылып отырған жемқорлық деңгейін сипаттайтын қандай өлшеу құралдары мен алдын-алу жұмыстары бар? Осы сұрақтарға жауаптар іздеу арқылы, біз, мақала тақырыбының маңыздылығы мен өзектілігін анықтаймыз.

Осы мәселені қарастыруда зерттеушілердің айтулары бойынша, жемқорлық – бұл экономикалық, құқықтық, әлеуметтік, басқарушылық, этикалық және саяси құрамдас бөліктердің біріктіретін көп салалы, көп деңгейлі және жүйелі түрде ұйымдастырылатын әлеуметтік құбылыс [1]. Сондықтан да, жемқорлықты билікпен байланыстыруды саясаттану ғылыми қарастырса, адамдардың өзара әрекеттеріндегі туындастының «аномия» ретінде жемқорлықты әлеуметтанды ғылыми зерттейді, ал психология саласы жемқорлыққа адамдардың араласу ынталарын жан-жақты талдайды.

Мысалы, Ресейде ең жиі және ірі көлемді болатын жемқорлық қылмыстары көбінде екі салада кездеседі екен, олар – билік және бизнес[2]. Сондықтан да, ресейлік және отандық зерттеушілердің жемқорлықты билікпен және бизнеспен байланыстыру жиі кездесетін құбылыс деп атап өтсекте болады.

Билікпен байланысты жемқорлықты қарастыруда, Л.А.Жигун өз еңбегінде бірнеше теорияларға талдау жасайды. Айтуынша, жемқорлыққа қатысты теориялар жемқорлықтың бағытына байланысты әртүрлі болып келеді, мысалы, жемқорлықтың сипатына байланысты (қағидалылығы, кедейшілік, алмасуы, виктимділігі), оған әсер етуі бойынша (жемқорлыққа қарсы саясат), инструменталды құрамы бойынша (ашық-жариялыштық, таратылуы мен әгоизм)[3].

Ал, А.М. Рахимжановтың негізdemесі бойынша, жемқорлыққа қатысты теориялар келесідей ірі төрт топтарды құрайды:

1) Мемлекеттік басқару саласындағы жемқорлық. Жемқорлықтың мемлекеттік (жергілікті) басқару теориясы бойынша, мемлекет пен қоғамның қызығушылығын сақтауды талап ететін тәртіптерді бұзу арқылы, өзінің индивидуалды қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, қызметкерлердің (шенеуліктердің) мемлекеттік ресурстарды пайдалы асыру мүмкіндігі.

2) Парламенттік қызмет саласындағы жемқорлық. Парламенттік жемқорлық теориясы бойынша, жемқорлық әрекеттерге легитимділік беруге жағдай жасауға заннамаларды қабылдату немесе шектеулі түрде жеке тұлғалар мен ұйымдарға пайдалы жағдай жасату үшін зандарды жасырын лоббидеу арқылы жүзеге асыруда сипатталады.

3) Коммерциялық-шаруашылық қызметке қатысты мемлекеттік емес кәсіп орындарындағы жемқорлық. Өкілетті қызметкерлер өздеріне қатысты емес активтерді, құралдары және ресурстарды (жұмыскерлер, құрал саймандар, шикізат, қаржы, ақпарат) пайдалануы. Қызметкерлердің кейбіреулері басқа тараپтың пайдалына әрекет жасай отырып, қылмыстық жолмен байыту мүмкіндігіне ие болады, бірақ сол арқылы олардың өздері қызмет етіп отырған ұйымдарының мүдделеріне зиян тигізеді.

4) Сайлау кезіндегі жемқорлық. Конституциялық құқық бойынша дауыс беруші таңдаған өкіліне дауыс беру арқылы «білік өкілеттілігін» береді. Сайланушиның дауыс берушілерді сатып алуындағы жемқорлықты қарастырады[4].

Басқа ғылым салалары сияқты, әлеуметтанды ғылымында да, жемқорлық феномені көнінен қарастырылады. Әлеуметтандығы жемқорлық феноменінің ерекшелігі, ол, қоғамның дисфункциялы құбылысы, қоғамның патологиясы, адамдар арасындағы жағымсыз қарым-қатынас формасы ретінде түсіндіріледі. «Жемқорлық ерекше әлеуметтік құрылым ретінде көрініс табатын, яғни адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастардың қағидалары, тұрақты және әмбебап (олар қоғамдық өмірдің әртүрлі саласында тіршілік етуге бейімделген)



нормаларының жиынтығы. Соның ішінде, ол жеке жағдайлар мен персоналарды ғана қатыстырмайды, сонымен қатар, осы құрылымды қолдайтын әлеуметтік топтар, олардың өмір сүруінің негізгі немесе маңызды шарты (көзі) жемқорлық болып табылады»[5].

Бұл түсініктे, жемқорлық - қоғамды басқарудың қосымша, жасырын жағымсыз сипаттағы биліктің бір түрі болып сипатталады. Осы көзқарасқа сәйкес, лауазымды тұлғалардың сыйбайластық мінез-құлқы «әлеуметтік женілдіктерді заңсыз пайдалануда көрініс тапқан» басқарушы элитаның «бейресми, девиантты әрекеті» деп анықталады [6].

Американдық әлеуметтанушы А. Дж. Хайденхаймер жемқорлыққа байланысты жалпы қоғамдық пікір және соның ішінде элитаға да қатысты тұстарын зерттей келе, жемқорлықтың үш топқа жіктелуі керек екендігін айтады. Оның айтуынша, жемқорлықты «ак», «сұр» және «қара» деп бөліп қарастыруға болады екен[7].

Психологиялық себептер бойынша толығырақ тоқталатын болсақ. Ю.Антонян айтуынша, олар мыналарды қамтиды:

- ойын ынтасы: жеке тұлғаның жемқорлық мінез-құлқы себептері арасында тұлғада тек пайда табу ниеті ғана емес, өткір, қызықты ойынға қатысадың бейсаналық ниетінің болуы;
- тұлғаның мемлекеттік билікті жатсыну (бөтенсіну) салдарынан адам барлық нәрсені парага сатып алу арқылы жүзеге асыру керек деп санауы және мемлекет барлық жағдайды қадағалауы мүмкін емес деп түсінуі;
- жемқорлар арасындағы сыйбайластықта, кез-келгені бір-біріне көмектеседі немесе басқа сыйбайласын құтқарады, сол арқылы олар өздерін қорғайды және қолдайды. Сонымен қатар, сол «басқа адам» оның кіріс көзін және өз қауіпсіздігін сақтап қалады;
- пара алудың ғасырлық тарихы, соның арқасында сыйбайлас жемқорлықтың өмір сүру салтындағы дәстүрге айналуы;
- жемқорлыққа тиым салатын заңнамаларға халықтың дәстүрлі ынтымақтастығының болмауы;
- жемқорлыққа психологиялық тұрғыда дайын болуы;
- кінәні ортақ сезіну және пара алу феномені: екіншісі кінәлі деп білетіндіктен, өзіне деген жауапкершілікті төмендетеді, сондықтан кінәсінің сезімі жоғалады, өйткені кінәні басқа біреуге ауыстыру мүмкіндігі бар болғандықтан[8].

Жемқорлыққа қатысы бар адамдардың психологиялық портреті: материалдық игіліктерге ие болуды өмірлік ұстаным ретінде қабылдауы, бақыттың өлшемі ретінде байлыққа ұмтылу, өмірге қанагаттанбау, теріс өзіндік бағалау және өзін-өзі бағалаудың жеткіліксіздігі[9].

Жоғарыда келтірілген мәліметтерді қарастыра келе, біз, жемқорлық мәселесінің әлеуметтік ғылымдар саласында тереңінен зерттелетіндігіне, теориялық талдаулар жасалатынына көз жеткіздік. Сонымен қатар, кейбір зерттеу жұмыстарында жемқорлық халықаралық деңгейде зерттеліп, жемқорлыққа қатысты арнайы болжамдар жасалған.

Қазақстан республикасының 2011-2015 жылдарға арналған салалық Бағдарламасының қорытындысы бойынша, мамандар жалпы Қазақстандағы жемқорлықпен күрес бағдарламаларының, мемлекеттің жалпы жағдайын ескере отырып, келесідей SWOT-анализ жасаған.

Мықты тұстары	Әлсіз тұстары
1. Жемқорлыққа қарсы нормативтік құқықтық базасының болуы	1. Жемқорлықтың барлық салада кеңінен таралуы
2. Жемқорлыққа қарсы қалыптасқан тәжірибиенің болуы	2. Халықтың құқықтық сауаттылығының төменгі деңгейде болуы
3. Ақпараттық инфокүрлым саласында мемлекеттік органдардың әсер ету мүмкіндігінің болуы	3. Мемлекеттік және жергілікті атқарушы билік органдарының қызметтері туралы ашық ақпараттардың жеткіліксіздігі



4. Жемқорлықпен күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі	4. Халық пен мемлекеттік қызметтерлердің менталитеті
<b>Мүмкіндіктер</b>	<b>Қатерлер</b>
1. Халыктың жоғарғы өмір сұру деңгейі 2. Іске асырылып жатқан заңданамалады халықаралық стандарт деңгейіне жетілдіру 3. Жемқорлық деңгейін бағалау бойынша халықаралық рейтингте Қазақстанның көрсеткішін жоғарларату 4. Мемлекеттік институттар мен азаматтық қоғам арасындағы ынтымақтастықты жоғарларату	1. «Көлеңкелі экономика» деңгейінің жоғарлауы 2. Инвестициялық тартымдылықтың төмендеуі 3. Мемлекеттік жобаларда «жемқорлық» бөлшектердің болуы 4. Экономикалық тиімділіктің төмендеуі 5. Халыктың өмір сұру деңгейінің төмендеуі мен әлеуметтік қысымның жоғарылауы 6. Азаматтық қоғам тарапынан қолдауды жоғалту

Осы SWOT-анализ арқылы, Қазақстанда жемқорлықпен күрес бойынша нормативтік құжаттардың көп және жақсы жүзеге асырылатындығын көрүмізге болады. Бұл, практикалық түрғыда жемқорлықпен күрес елімізде жақсы жүзеге асып жатқандығын көрсетеді.

Қорыта келе, жемқорлық мәселесі мемлекетке макро, мезо, микродеңгейде әсер ететіндігін байқауымызға болады. Сонымен қатар, жемқорлықтың асқынуына әсер ететін факторларда көп екендігін көрдік. Теориялық еңбектерде жемқорлық жан жақты сипатталып, оның қоғамға тигізер зияндылығы жоғары екендігін сипаттап өттік. Жемқорлық мәселесі қазақстанның ғылым саласында дұрыс зерттелмейтіндігін байқадық, өйткені мақалаға мәліметтер жинау барысында, жазылған мақалалардың барлығы тек практикалық түрғыда іске асып жатқан нормативтік құжаттар, жемқорлықтың зиянды түрғысы тек сипатталумен шектелген. Сондықтан, Қазақстанның шынайылықтағы жемқорлықтың түп тамырын толығымен ғылыми түрғыда зерттеу қажет және зерттеу нәтижелерін жемқорлықтың алдын алу жұмыстарында қолдану қажет.

### Әдебиеттер:

- Глинкина С. П. Коррупция: фатальная угроза? //Неэкономические грани экономики: непознанное взаимовлияние / Под ред. О. Т. Богомолова. М.: Институт экономических стратегий, 2010. С. 427- 455.
- Соколов М.С.Теоретические и прикладные аспекты противодействия коррупции: российский и зарубежный опыт. <http://e-notabene>
- Жигун Л.А.Разработанность теории коррупции: направления, представления, элементы, модели.<https://cyberleninka.ru>
- Рахимжанов А.М. Классификация коррупции и методы ее изучения URL:<http://articlekz.com/article/8385> (Дата обращения: 03.01.2015).
- Дахин А.В. Коррупция: элементы социологической модели // Коррупция в органах государственной власти: природа, меры противодействия, международное сотрудничество: Сборник статей / Под редакцией П.Н. Панченко, А.Ю. Чупровой, А.И. Мизерия. – Н. Новгород. – 2001. – С. 192–201
- Гараев Р.Ф. Понятие коррупции / Р.Ф. Гараев, Н.В. Селихов // Следователь, 2001. – № 2. – С. 47
- Heidenheimer A., Political Corruption: A Handbook. - New Brunswick, NJ, 1989. - p. 362-363.
- Антонян Ю. М. Криминология. Избранные лекции.— М.: Логос, 2004.— 277-278 с
- Ванновская О.В. Личностные детерминанты коррупционного поведения file:///C:/Users/User/Downloads/lichnostnye-determinanty-korruptsionnogo-povedeniya.pdf



## Лептоспироз собак в городе Астана

Смағұл Жанар Мұқашқызы, магистрант 2 курса

Казахский агротехнический университет имени Сакена Сейфуллина

Научный руководитель: к.в.н., доцент Байкадамова Гульнар Ахановна

